

# ДӘЛЕЛДІ МЕДИЦИНАНЫ ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ ҚОЛДАНУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ.Д.З-ДЫ ҚАТЕ ЖАРНАМАЛАУ.

Тексерген:Бақыт Алмасбековна  
Орындаған:Алиакбарова Сымбат  
Группа:07-005

# Жоспары :

- Дәлелді медицинаға кіріспе;
- Фармакология;
- Дәрілік заттар;
- Д.М дәрілік заттарды қолдану құралы ретінде;
- Фармакология заңдылықтары;
- Д.з-дың классификациясы;
- Д.З-ты ойлап тауып, қолданысқа енгізу;
- Фармакологиялық бизнес;
- Д.з-ды жарнамалау ережесі;

# Дәлелді медицина

- ДМ-бұл медицина саласындағы барлық сұрақтарды қамтитын, әр саланы бір-бірімен байланыстыратын ғылым. ДМ-нақты дәйектемелерге негізделген медицина бөлігі, яғни бір науқасқа сапалы ғылыми зерттеулерде тиімді дәлелденген, яғни дәлелді негізі бар іс-әрекеттерді пайдаланумен ерекшеленетін медицина тәжірибесінің бір бөлігі. ДМ негізін 1990 жылы Торонтоның Мак Мастер университетінің канадалық ғалымдары қалады. Содан бері осы термин кең қолданылуда.

# Фармакология

- ДМ қағидаларын оқыту мен меңгеру қажеттігі Бірнеше жағдаймен байланысты. Оның бірі- Ғылыми мәліметтер көлемінің көбеюі, әсіресе клиникалық фармакологияда. Себебі, қазір фармакологияда жаңалықтар күн сайын өсуде, яғни жаңа дәрілер көптеп ойлап табылуда. Осы дәрілік заттардың Жасалып, Оның сынақтан өтіп, пайдалануға берілуі үшін ДМ-ның атқаратын ролі зор.

# Дәрілік заттар

- **Дәрілік заттар-Биотехнология** негізінде минералдардан, Өсімдіктерден, жануарлардан, адам тіндерінен, қан плазмасынан алынатын профилактика үшін, диагностикада және ең негізгісі ем үшін қолданылатын әр түрлі заттар мен олардың қосындысы.

# Фармакология

- Фармакология-химиялық қосылыстардың тірі ағзамен өзара әсерлесуі туралы ғылым. Фармакология негізіне әр түрлі аурулар мен патологиялық жағдайларды емдеу және алдын алу үшін қолданылатын дәрілік заттарды оқытады. Бұл ғылымның алдында тұрған мәселе-Тиімді және қауіпсіз дәрілік заттарды ойлап табу. Фармакологияның практикалық маңызы өте зор, өйткені фармакологиялық заттардың басты құндылығы олардың негізінде жатқан көптеген биохимиялық және физиологиялық үрдістерді басқаруға және механизмдерін сараптауға сол заттардың кең мүмкіндіктер беруі болып табылады.

Тиімділігі жоғары көптеген препараттардың алынуы нәтижесінде фармакотерапия көптеген ауруларды емдеудің жан-жақты әдісі болды. Фармакологияның алға басуы клиникалық пәндердің дамуына сөзсіз әсер етеді. Практикалық медицинада Фармакотерапияның зор маңыз алуына байланысты фармакология жөнінде білім болу әр түрлі маман дәрігерлер үшін өте қажет. Бұл ерекше маңызға ие болды, өйткені қазіргі көптеген дәрілік заттардың белсенділігі өте жоғары болғандықтан, оларды тағайындаудағы сәл ұқыпсыздық науқастың жағдайына зиянды, жағымсыз әсерінің себебі болуы мүмкін.

- Фармакология тарихы адамзат тарихы сияқты ұзақ. Мыңдаған жылдар бойы дәрілік препараттарды дайындау және қолдану эмпирикалық жүзеге асты. Бірақ 19-ғасырдың өзінде-ақ арабтар сол кезде қолданылып жүрген препараттарды жүйелендіруге және стандартизациялауға талпыныс жасады. 19-ғасырдың басында фармакологияның зерттеу тәжірибелерін жануарларға жасаудың енгізілуі маңызды оқиға болды. Өткен ғасырдың ортасында Юрий (Тарту) университетінде дүние жүзіндегі ең алғашқы эксперименталдық фармакология ұйымдастырылды. Біртіндеп зерттеу саны көбейе бастады.



- ▣ Осы кезеңнен бастап кең көлемде зерттеулер жүргізіле бастады. Жаңа препараттар алына бастады. 19-ғасырдың 40 жылдарынан бастап медициналық практикаға наркозға арналған заттар енгізілді. 20-жылдар инсулин мен пеницилиннің ашылуымен әйгілі. 50-жылдары психотропты заттар алынды. Қатерлі ісікке қарсы тиімді – антиметаболиттер алынды. 70-жылдары простагландиндерді зерттеу кең қанат жайды, олардың кейбірі акушерлік-гинекологиялық практикада қолданыла бастады.

# Фармакология заңдылықтары:

- **Фармакокинетика**-бұл дәрілік заттардың сіңуі, ағзада таралуы, қорға жиналуы, метаболизмі және шығарылуы жөніндегі фармакология бөлімі.
- **Фармакодинамика**-бұл дәрілік заттардың биологиялық әсерлері, сонымен қатар олардың әсер ету орны мен механизмін қарастырады. сонымен қатар фармакотерапияның аса маңызды түрлері, дәрілік заттардың жанама және уытты әсерінің жалпы заңдылықтары да талқыланады.

# Д.З-ДЫҢ АНАТОМО-ТЕРАПИЯ-ХИМИЯЛЫҚ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ:

- Рецептiмен босатылатын д.з-тек қана дәрігердiң босатуымен берiледi.
- Рецептiсiз босатылатын д.з-кез келген сатып алушыға берiледi.
- Гомеопатиялық д.з-биологиялық белсендi заттар

- Дәрілік заттар ойлап табылып, қолданылуға енгізілер бұрын ол көптеген зерттеулерден, тәжірибелерден өтуі тиіс. Олай болмай тұрып оны қолданысқа енгізбейді. Бұл кезде біз делелді медицина көмегімен зерттеу жүргіземіз. Себебі, д.з.-дың жалпы әсер ету механизмін, оның әсерін, ағзада таралуын, сіңуін, шығарылуын, жағымсыз әсерін, яғни барлық процесті бақылау керек. Ол үшін ең алдымен жануарға, сосын адамдардың ерікті тобына зерттеу жүргіземіз.

- Зерттеу жүргізер алдында еріктілер тобын дайындаймыз, Сосын зерттеу жүргіземіз.

Зерттеу жүргізу этаптары:

1. Еріктілер тобын таңдап аламыз;
2. Дәріні беріп бақылаймыз;
3. Келесі топқа плацебо беріп бақылаймыз;
4. Дәрі берген соң, адамдардың қан, зәр және т. б. көрсеткіштеріне талдау жасаймыз;
5. Дәрінің адамға әсерін (әсер уақыты) бақылаймыз;
6. Жанама әсерін, ыдырау уақытын және шығарылуын бақылаймыз;

Дәрілік заттардың шығарылғаннан кейін оны сату, яғни рынокқа өткізу қиын процесс. Таза өнім шығарған брендтің өз құқығы болады, Ал кейбір компаниялар дженнерик өнім жасап шығарады. Дженнерик өнімді жасаған фирма брендтің атауын алмаса да оның халықаралық атауын алады. Таза өнім мен дженнерик өнімнің химиялық әсер етуі бірдей, бірақ өндіру технологиясы, тазартылуы әр түрлі. Мысалы, Bayer-AG фирмасы сияқты ешқандай фирма ацетил салицил қышқылын өндіре алған жоқ, себебі аспиринді дайындау оның технологиясының, яғни тазалау мен кристаллизациялауында екені анықталды.

# Д.з-ды босату мен жарнамалау

- Фармацевтика қызметкері дәрілік заттарды босату кезінде пациентке:
  - дәрілік заттарды дұрыс және ұтымды қолдану туралы;
  - болуы мүмкін жанама әсерлері, басқа дәрілік заттармен өзара әрекеттесуі, оларды қолдану кезіндегі сақтық шаралары туралы;
  - дәрілік заттардың жарамдылық мерзімдері, үйде сақтау ережелері туралы ақпарат береді.
- Қажет болған жағдайда фармацевтика қызметкері дәрігердің рецептісіз босатылатын дәрілік препараттарды қолдану жөнінде кеңес береді.
- Дәріхананың сату залында, дәріхана пунктiнiң, дәріхана киоскісінің, медициналық техника, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен оптика дүкендерінің халыққа қызмет көрсету аймағында сөрелер, алдын алу сипатындағы ақпараттық стенділер, бетшелер, буклеттер ресімделеді. Денсаулық сақтау министрлігі жалған дәрілік заттарды таратқандарға қылмыстық жаза қолдануды ұсынады

- ҚР Денсаулық сақтау министрлігі шетелдердегідей жалған дәрілік заттарды таратқандарға қолданылатын жазаны қатайту үшін ҚР Қылмыстық кодексіне қылмыстық жауапкершілікті қарастыратын бап енгізу қажет деп санайды.
- Бұл туралы Астанадағы брифингте Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармацевтикалық бақылау комитетінің төрағасы Сыздық Баймұқанов мәлім етті.
- «Нарыққа қатысушылардың жауапкершілігін арттыру мақсатында дамыған елдердегідей жалған дәрілік заттарды таратқаны үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастыратын заң нормасын енгізу қажет. Түзетулер Қазақстанның қылмыстық заңнамаларына енгізілетін болады. Онда жалған дәрілік заттарды таратқандарды 3 жылдан 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылады», деді брифингте С. Баймұқанов.
- Оның айтуынша, 2004 жылдан бері Қазақстанда 30-дан астам жалған дәрілік заттарды сату фактілері анықталып, расталған. Негізінен кең танымал және сұранысы жоғары дәрілік заттар жалған жасалады. «Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, мұндай құқық бұзушыларға тек 150 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Бұл адамдардың өмірі мен денсаулығына төнетін қауіп-қатермен және жалған дәрілік заттарды сатудан түскен пайдамен салыстыруға келмейтін мөлшер», деді С. Баймұқанов.
- Фармацевтикалық бақылау комитеті төрағасының сөзіне қарағанда, дамыған елдердің заңнамасында жалған дәрілік заттарды таратқаны үшін қомақты мөлшерде айыппұл салу және түрмеге қамау қарастырылған. Мәселен, Францияда жалған дәрілік заттарды таратқандарға 300 мыңнан 500 мың еуроға дейін айыппұл салынып, олар 3 жылдан 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Ал АҚШ-та мұндайларға 2 млн. доллар айыппұл салынып, 5 жыл түрмеге жабылады. Ұлыбританияда 10 жылға дейін бас бостандығынан айырады



- **Фармакологиялық бизнес** бұл қару жарақ пен наркобизнестен кейінгі 3-оында тұр. Әлемдегі барлық өндіретін дәрілік заттардың 10 пайызы фалсификат және конрафакт болып табылады.

**Фалсификат**-д.з-дың өндірістік рецептурасын өзгертілуі, яғни дәрінің қымбат қосылыстарын арзанымен ауыстыру, құрамын өзгерту.

**Конрафакт**-бұл патенттік өнруші фирманың рұқсатынсыз сол дәріні өндіру.

# Д.з-ды қате жарнамалау

- ▣ Д.з-ды жарнамалауда жалған ақпарат беру көбейіп отыр.Өндірушілер тауарды өткізу үшін оның әсерін жалған түрде айта береді. Америкалық органдардың берген есебі бойынша (New Jersey Public Interest Research Group) фармакологиялық компаниялар өздерінің жарнамаларында дәрі әсерін күшейтіп,жанама әсерін төмендетіп айтады екен.компаниялар өз өнімдерін жарнамалағанда өте көп жалған мәліметтер бәріледі:
  - қауіптілігі жөнінде толық айтпау;
  - теріс және жанама әсерін жасыру;
  - әсер көрсеткіштерін көбейтіп айту;

- FDA-бұл д.з-ды жалған жарнамалаған компанияларды бақылайтын ұйым. Олардың мәліметтеріне қарағанда Соңғы 5 жылда жалған жарнама жасағаны үшін 85 компанияны жауып тастаған. Қазіргі кезде проблеманың бірі-ол халықтың өзін-өзі емдеуі. Себебі, көптеген науқастар дәрілерді жарнамадан көріп өз беттерінше емделе береді. Бұл көптеген олқылықтарға алып келеді. Халықтың 68 пайызы жарнамадан көрген дәрілермен емделеді екен.

## Д.3-ЖАРНАМАЛАУ ЕРЕЖЕСІ:

- Жарнамалау бұл тек қана қажетті органдардың рұқсатымен ғана жүзеге асады;
- Лицензиясы бар болса ғана жарнама жүргізе алады;
- Жарнама басқа дәрімен салыстырмалы түрде көрсетілмеуі керек;
- Жағымсыз және жанама әсері толық айтылуы керек;
- Мед.персоналдар дәріні жарнамаламайды;
- Қоғамдық көлікте жарнама қағаздары таратылмайды;

○ Назарларыңызға  
рахмет!